

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1467 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 727 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 727 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 18-4-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2011 жылғы	5	желтоқсандағы
№ 1467	қаулысымен	
бекітілген		

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуды өткізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда көзделген талаптар:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілеріне;

2) акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама тиесілі табиғи монополиялар с у б ъ е к т і л е р і н е ;

3) Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес білікті энергия өндіруші ұйымнан электр және (немесе) жылу энергиясын сатып алуды жүргізу жағдайларына;

4) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес орталықтандырылған сауда-саттықтарда, спот нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын, электр энергиясын сатып алуды жүргізу жағдайларына, сондай-ақ қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне және өңірлік электр желілік компанияларға қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті өнім беруші – сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлға, жеке тұлға немесе дара кәсіпкер;

2) әлеуетті өнім берушінің аффилиирленген тұлғасы – аталған әлеуетті өнім берушінің шешімдерін жанама айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты аталған әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке н е м е с е з а ң д ы т ұ л ғ а ;

3) біртекті тауарлар, жұмыстар, қызметтер – бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындауға және өзара алмастыруға мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдас бөліктерден тұратын тауарлар,

жұмыстар мен қызметтер;

4) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін табиғи монополия субъектісі сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) – сатып алудың өлшем бірліктері, көлемдері, мерзімдері, тәсілдері, сондай-ақ бір жылдың ішінде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің әрбір түрін сатып алуға жұмсалатын сомалардың ең жоғары мөлшері көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін табиғи монополия субъектісі бір жыл ішінде сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің номенклатурасы;

6) сатып алу – реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді тапсырыс берушінің осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және тәсілмен сатып алуы ;

7) стратегиялық тауарлар – табиғи монополиялар субъектілері жылу энергиясын өндіру үшін отын ретінде пайдаланатын көмір, газ, мазут, дизель отыны, электр энергиясын, су шаруашылығы және кәріз жүйелерін беру және (немесе) тарату салаларындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін – электр энергиясы, газды немесе газ конденсатын магистральдық және (немесе) тарату құбыр жолдары арқылы тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін өз мұқтаждары мен ысыраптары үшін - газ;

8) стратегиялық тауарларды өндірушілер – стратегиялық тауарларды өндіретін немесе стратегиялық тауарларды өндіруге (өңдеуге) арналған шикізаттың меншік иесі болып табылатын не Қазақстан Республикасының аумағында стратегиялық тауарларды тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін жеке және заңды тұлғалар;

9) тапсырыс беруші – осы Қағидаларға сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісі;

10) тапсырыс берушінің аффилиирленген тұлғасы – табиғи монополия субъектісінің шешімдерін тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде ауызша шартты қоса алғанда, шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне орай ықпал ету мүмкіндігі бар тұлға (берілген өкілеттік шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ өзіне қатысты табиғи монополия

субъектісінің осындай құқығы болатын кез келген тұлға;

11) тендер – әлеуетті өнім берушілердің арасында бәсекелестікті көздейтін және сатып алу шартының барынша пайдалы талаптарын анықтауға бағытталған с а т ы п а л у т ә с і л і ;

12) тендерлік комиссия – осы Қағидаларда белгіленген жағдайларда және тәсілдермен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру үшін тапсырыс берушінің қызметкерлерінің ішінен қалыптасатын комиссия;

13) тендерлік құжаттама – тендер өткізу шарты мен тәртібін қамтитын тендерлік өтінім дайындау үшін тапсырыс беруші әлеуетті өнімді берушіге ұ с ы н а т ы н қ ұ ж а т ;

14) тендерлік өтінім - тендерлік құжаттамаға сәйкес жасалған әлеуетті өнім берушінің тендерлік ұ с ы н ы с ы ;

15) тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз ету – тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұсынған ақша кепілзаты немесе банк кепілдігі;

16) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

4. Тендерді табиғи монополия субъектісі мынадай қағидаттарды сақтай от ы р ы п ө т к і з е д і :

1) тендер рәсімдерін өткізудің ашықтығы және жариялылығы;

2) барлық әлеуетті өнім берушілерді тендерге қатысу үшін тең мүмкіндіктермен қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) отандық тауар өндірушілерді және жұмыстарды, қызметтерді отандық ж е т к і з у ш і л е р д і қ о л д а у .

5. Стратегиялық тауарларды сатып алуды табиғи монополия субъектісі:

1) электр энергиясы мен қуатының орталықтандырылған сауда нарығына қол жеткізу мүмкін болмаған кезде тиісті тауар нарығында электр энергиясының т а п ш ы л ы ғ ы б о л у ;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысу үшін тұтынушыларға қойылатын шарттарға табиғи монополия субъектісінің сәйкес к е л м е у ;

3) электр энергиясын беру және тарату салаларындағы табиғи монополиялар субъектілерінің шаруашылық қажеттіліктеріне электр энергиясын сатып алу;

4) газ тапшылығы болған кезде оның импортын жүзеге асыратын ұйымдардан г а з с а т ы п а л у ;

5) Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатып алу жағдайларын қоспағанда, стратегиялық тауар өндірушілерден тікелей сатып а л у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.02.2014 № 47 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Табиғи монополиялар субъектілері мазут және (немесе) дизель отыны түріндегі стратегиялық тауарларды мұнайдың меншік иелерінен немесе көрсетілген мұнай өнімдерінің меншік иелері болып табылатын мұнай өнімдерін өндірушілерден сатып алуды жүзеге асырады.

2. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

7. Сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес болуға тиіс:

1) кәсіби біліктілікке, сондай-ақ сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің нарығында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесіне ие болуға тиіс. Сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің нарығында жұмыс тәжірибесінің болу қажеттілігі туралы талаптар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және мүгедектер қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдарына қолданылмайды;

2) сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті қаржылық, материалдық және еңбек ресурстары болуға тиіс;

3) сатып алу туралы шартты жасасу үшін құқықтық қабілеттілігі (заңды тұлғалар үшін) және әрекетке қабілеттілігі (жеке тұлғалар үшін) болуға тиіс;

4) төлемге қабілетті, сатып алуды жүргізу сәтінде таратылуға жатпауы тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылуға тиіс емес.

8. Әлеуетті өнім беруші өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін тапсырыс берушіге нотариалдық куәландырылған аттестаттарының, куәліктерінің, патенттерінің, лицензияларының, сертификаттарының, дипломдарының, анықтамаларының өзге де құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес соңғы қаржылық жылға аудиторлық есеп береді.

9. Табиғи монополиялар субъектісіне мердігерлік құрылыс жұмыстарына бір жылдан астам кезеңге шарттар жасасуға рұқсат етіледі.

Шарт жасасу үшін мынадай қосымша құжаттар:

- 1) жобалау алдындағы және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама;
- 2) құрылысқа арналған техникалық құжаттама қажет.

10. Табиғи монополия субъектісі ұзақ мерзімді кезеңге сатып алуды осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

11. Ұзақ мерзімді кезеңге сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер Тізбеде шартты қолдану мерзімімен көрсетілуге тиіс.

3. Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

12. Сатып алу процесі өзіне:

- 1) Тізбені күнтізбелік жылға қалыптастыруды;
- 2) өнім берушіні таңдауды, онымен шарт жасасуды;
- 3) шартты орындауды қамтиды.

13. Табиғи монополия субъектісі бірінші басшының бұйрығымен бекітілген, оның қолы мөрмен расталған келесі күнтізбелік жылға Тізбені жыл сайын 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде қалыптастырады және құзыретті мен уәкілетті органдарға мәлімет үшін жібереді. Құзыретті және уәкілетті органға ұсынылатын Тізбе тігілуге және нөмірленуге, соңғы парағы тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен және тапсырыс берушінің мөрімен расталуға тиіс.

Табиғи монополия субъектісі күнтізбелік жыл ішінде Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады. Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар осы Қағидалардың 3-тармағының 5) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс және құзыретті мен уәкілетті органдарға олар қабылданған кезден бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

14. Осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы тендер нысанында және Тізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

15. Осы Қағидаларда белгіленген жағдайларда табиғи монополия субъектісі бір көзден алу, жабық тендер, екі кезеңді рәсімдер қолданылатын тендер, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыра алады.

Табиғи монополия субъектісі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді тендер өткізбестен сатып алуды, егер бір жылда сатып алынатын көлем құндық көріністе осы Қағидалардың 80-тармағында белгіленген шекті мөлшерден аспаған жағдайда жүзеге асырады.

16. Ашық және жабық тендерлер екі кезеңді рәсімдер қолданыла отырып өткізілуі мүмкін.

17. Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын)

тұтынушы табиғи монополия субъектісі қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алуды жүзеге асыратын тендерлерге байқаушы ретінде қатыса алады.

Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушы уәкілетті органға тапсырыс берушінің, тендерлік комиссияның, тендерлік комиссия хатшысының (хатшылығының), техникалық сарапшылардың заңсыз іс-әрекеттеріне шағым жасай алады.

18. Табиғи монополия субъектісі өзінің аффилирленген тұлғалары үшін тендерді бірыңғай ұйымдастырушы ретінде бола алады.

Тендер өткізу туралы хабарландыру (хабарлама)

19. Тендер өткізу туралы хабарландыру (хабарлама) мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- 1) тапсырыс берушінің толық атауы мен мекенжайы;
- 2) сатып алудың атауы (сатып алудың атауы Тізбеде көрсетілген сатып алудың атауына сәйкес келуге тиіс), көлемі, тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бесеуден кем атауы, сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу орны. Бір тендерде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бес немесе одан көп атауын сатып алған жағдайда, тендер өткізу туралы хабарлама тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасында көрсетілген сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесі туралы сілтемені қамтиды. Тапсырыс берушіде тұрақты жұмыс істейтін және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын тұлғаға тиесілі интернет-ресурс болған жағдайда, тапсырыс беруші сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесін интернет-ресурста көрсетеді;
- 3) сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізудің талап етілетін мерзімі;
- 4) тендерлік құжаттаманы алу тәсілдері мен орны және оның құны, егер осындай көзделсе;
- 5) тендерлік өтінімдерді ұсыну орны мен соңғы мерзімі;
- 6) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күні, уақыты мен орны;
- 7) тапсырыс берушінің сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлген сомасы;
- 8) конкурстық құжаттаманың көшірмелері берілгені үшін әлеуетті өнім беруші төлемақы енгізуге тапсырыс берушінің деректемелері, егер осындай төлемақы конкурстық құжаттамада көзделген жағдайда.

Тендерлік комиссия

20. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ашық тендер өткізу туралы жарияланатын хабарландыру жарияланғанға немесе жабық конкурс

өткізу кезінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған хабарламалар әлеуетті өнім берушілерге жіберілгенге дейін тапсырыс беруші тендерлік құжаттаманы, сондай-ақ тендерлік комиссияның құрамын, тендерлік комиссияның хатшысын бекітеді, ал қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікті, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тендерлік құжаттамаға сәйкес қажетті техникалық және сапалық сипаттамаларға сәйкестігін анықтау үшін техникалық сарапшыларды белгілейді.

Осы тармақта көрсетілген барлық шешімдерді тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қабылдайды.

Тендерлік комиссия тендерлік комиссияны құру және сатып алуды өткізу туралы шешімді тапсырыс беруші бекіткен кезден бастап және сатып алу туралы шарт күшіне енгеніне дейін іс-қимыл жасайды.

Тендерлік комиссия мүшелерінің саны тақ болуға және бес адамнан кем болмауға тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын табиғи монополиялар субъектілері үшін тендерлік комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрауға және үш адамнан кем болмауға тиіс.

Тендерлік комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері кіреді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын оны алмастыратын тұлға орындайды.

Тендерлік комиссияның отырысында тендерлік комиссияның қандай да бір мүшесі өндірістік және өзге де себептермен болмаған жағдайда, тендерлік комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі және осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме көрсетілуге тиіс.

Тапсырыс беруші барлық қаржы жылына тұрақты құрамы бар тендерлік комиссия құра алады.

21. Тендерлік комиссияның хатшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мерзімді баспасөз басылымдарында ашық тендер өткізілетіні туралы хабарландыру жариялайды;

2) әлеуетті өнім берушілерге жабық конкурс өткізілетіні туралы хабарламалар жібереді;

3) тендерлік өтінімдер салынған конверттердің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) тендерге қатысушыларды тендер қорытындысы туралы жазбаша хабардар етеді.

22. Тендерлік комиссияның отырысы тендерлік комиссияның жалпы санының кем дегенде үштен екі мүшелері қатысқан жағдайда өткізіледі.

Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және ол

кабылданды деп есептеледі, егер оған тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе. Дауыс тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Тендерлік комиссия мүшесі ерекше пікір айта алады, ол жазбаша баяндалуға және ашу немесе тендердің нәтижелерін шығару хаттамасына қоса берілуге тиіс.

23. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде қатыспайды.

Тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілерге тендерлік құжаттаманы ұсынады, тендерлік құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналын жүргізеді, әлеуетті өнім берушілерден тендерлік өтінімдер салынған конверттерді қабылдайды, тендерлік комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және тендерлік комиссия отырыстарының олар өткеннен кейін хаттамаларын ресімдейді, келіп түскен тендерлік өтінімдер мен конверттерді ашу рәсіміне қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналын жүргізеді, онда тендерлік өтінімдер салынған конверттердің ұсынылған уақыты мен күні, әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің (тендерлік өтінімі салынған конвертті ұсынған және тендерге қатысушы тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Тендерлік құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналы және тендерлік өтінімдер мен тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналы тігілуге, нөмірленуге, соңғы парағы бірінші басшының қолымен және тапсырыс берушінің мөрімен расталуға тиіс.

Тапсырыс беруші қажет болған жағдайда хатшының жұмысын орындау үшін хатшылық құра алады, ол тапсырыс берушінің тендерлік комиссия құру туралы бұйрығында хатшылық атынан құжаттарға осы Қағидаларда белгіленген жағдайларда қол қоюға уәкілетті жауапты тұлға көрсетіле отырып көрсетілуі тиіс.

Әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналы мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- 1) тендердің атауы мен оны өткізу мерзімі;
- 2) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 3) әлеуетті өнім берушінің толық атауы және пошталық мекенжайы;
- 4) конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті тіркеу күні мен уақыты;
- 5) әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу өтініміне енгізген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат.

Тапсырыс беруші конкурсқа қатысу өтінімдерін тіркеу журналында тендерге қатысуға өтінімдері тіркеуге қабылданбаған әлеуетті өнім берушілерді осындай қабылдамау себептерін жаза отырып көрсетеді.

24. Техникалық сарапшылар тендерлік комиссия құрамына кірмейді және олардың тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

Техникалық сарапшылар әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тендерлік құжаттамадағы талаптарға сәйкестігі жөнінде қорытынды береді. Сараптамалық қорытынды жазбаша ресімделеді және тендерлік комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

Тендерлік құжаттаманың мазмұны

25. Тапсырыс беруші барлық әлеуетті өнім берушілерге мынадай ақпаратты қамтитын тендерлік құжаттаманы беруге міндетті:

1) әлеуетті өнім беруші өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттар тізбесі;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сипаты, техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, олардың қажетті техникалық және сапалық сипаттамалары;

3) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің саны (көлемі);

4) сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу орны мен шарты ;

5) сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу талап етілетін мерзімі ;

6) төлем шарты мен сатып алу шартының жобасы;

7) бағадан басқа өлшемдердің сипаты, оларға сәйкес жеңген тендерлік өтінім айқындалады, тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру әдісінің сипаты;

8) бағада тасымалдау мен сақтандыру, кеден баждарын, салықтарды, алымдарды төлеу шығыстары сияқты және басқа да элементтер қамтылуға тиіс нұсқауды қоса алғанда, тендерлік өтінімді есептеу тәсілі мен әдістемесі;

9) тендерлік өтінімнің бағасы көрсетілуге тиіс валюта немесе валюталар және тендерлік өтінімдерді бірыңғай валютаға келтіру үшін оларды салыстыру мен бағалау мақсатында қолданылатын бағам;

10) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес тендерлік өтінімді, сатып алу туралы шартты жасасу және ұсыну тіліне қойылатын талаптар ;

11) әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімнің қолданыс мерзімін көрсету міндеті туралы ақпарат ;

12) тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізу тәртібі, мөлшері нысаны, мерзімі ;

13) тендерлік өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімді өзгерту немесе қайтарып алу құқығына және

тапсырыс берушінің, тендерлік комиссияның, тендерлік комиссия хатшысының (хатшылықтың) және техникалық сарапшылардың заңсыз іс-әрекетіне әлеуетті өнім берушінің шағымдану құқығына сілтеме;

14) тендерлік өтінімдерді ұсыну орны мен соңғы мерзімі және оларды қолдану мерзімі;

15) әлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттаманың мазмұны бойынша түсіндіру сұрата алатын тәсілдер, сондай-ақ тапсырыс берушінің осы кезеңде өнім берушілермен ашық нысанда және хаттама жасалып өткізілетін кездесулер өткізуге ниеті туралы хабар;

16) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу орны, күні және уақыты (тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу уақыты тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталған кезден бастап екі сағаттан аспауға тиіс);

17) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу және тендерлік өтінімдерді қарау үшін пайдаланылатын рәсімдер;

18) тендер өткізу кезінде тапсырыс берушіні білдіретін, оның уәкілетті лауазымды тұлғалары туралы мәліметтер;

19) әлеуетті өнім беруші - отандық тауар өндірушілерге басымдық беру шарты мен тәртібі.

26. Біртекті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша тендер өткізу кезінде тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге міндетті. Бұл ретте тендердің жеңімпазы тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің әрбір лоты бойынша айқындалады.

27. Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушіден тендерлік құжаттаманың түсініктемесін, тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын сұрата алады. Тапсырыс беруші өтінімді алған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы сауалға жауап беруге және мұндай түсініктемені тендерлік құжаттама жолдаған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберуге тиіс.

28. Тапсырыс беруші тендерлік өтінімдер ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін жеті жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей өзінің бастамасымен немесе әлеуетті өнім берушілердің сауалына жауап ретінде тендерлік құжаттамаға тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оның міндеттерін атқаратын тұлғаның шешім қабылдау жолымен өзгерістер енгізе алады.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және олар туралы тендерлік құжаттама ұсынған барлық әлеуетті өнім берушілер дереу хабардар етіледі. Бұл ретте тапсырыс беруші тендерлік өтінімдер ұсынудың соңғы мерзімін осы өзгерістерді әлеуетті өнім берушілер тендерлік өтінімдерде ескеруі үшін кем дегенде күнтізбелік он күн мерзімге ұзартады.

Осы тармақтың талаптары тендерлік комиссия мүшелері жұмыстан шығу немесе олардың лауазымдары өзгеру нәтижесінде болған тендер өткізу кезінде тапсырыс берушіні білдіруге уәкілетті оның лауазымды тұлғалары туралы мәліметтердің өзгерілуіне жатпайды.

29. Тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада көрсетілген белгілі бір орында және уақытта тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін әлеуетті өнім берушілермен кездесулер өткізуге құқылы.

Бұл ретте тапсырыс беруші кездесу барысында тендерлік құжаттаманы түсіндіру туралы қойылған сұрақтарды, сондай-ақ осы сұрақтарға берілген жауаптарды қамтитын хаттама жасайды. Хаттама тендерлік құжаттама ұсынған барлық әлеуетті өнім берушілерге дереу жіберіледі.

30. Тапсырыс беруші ұсынылған тендерлік құжаттама үшін тендерлік құжаттаманы көшіруге жұмсалған нақты шығыннан аспайтын төлемді өндіре алуы мүмкін.

Төлем тапсырыс берушінің банктік шотына немесе оның бухгалтериясына енгізіледі. Төлем туралы растау тапсырыс берушіге тендерлік құжаттаманы алған кезде ұсынылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндіретін ұйымдарға тендерлік құжаттама тегін беріледі.

Тендерлік өтінімдерді қолдану мерзімі, олардың мазмұны, ұсыну, өзгерту және қайтарып алу

31. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін тендерлік құжаттамаға сәйкес тапсырыс берушіге тендерлік өтінімді мөрленген түрде ұсынуға тиіс.

32. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін алынған тендерлік өтінім ашылмайды және оны ұсынған әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

33. Тендерлік өтінім тендерлік құжаттамаға сәйкес онда көрсетілген мерзім ішінде күшінде қалады.

Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысу үшін ұсынған тендерлік өтінімді қолдану мерзімі кемінде күнтізбелік 35 күн болуға тиіс.

Қолдану мерзімі тендерлік құжаттамада көрсетілгеннен қысқа тендерлік өтінім қабылданбайды.

34. Тендерге қатысуға ниет білдірген заңды тұлға болып табылатын әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімі:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тендерге қатысуға арналған өтінімді;

2) әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін
р а с т а й т ы н к ү ж а т т а р д ы :

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, басқа құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

егер сатып алынатын жұмыстар, қызметтер лицензияланбайтын жағдайда, онда әлеуетті өнім беруші орындайтын қызметтер түрлерінің тізбесі бар заңды тұлға жарғысынан алынған үзіндінің нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе сауда тізілімінен (Қазақстан Республикасының резиденті еместері үшін) мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасы бар нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзінді ұсынылуы қажет;

бірінші басшы немесе оның орнын алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған бухгалтерлік теңгерімінің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

«Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес міндетті түрде аудитті өткізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржылық жыл үшін аудиторлық есебінің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесін.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

құрылтай шартынан немесе құрылтайшылар құрамы туралы жарғыдан алынған нотариалды куәландырылған үзіндіні не конверттерді ашу күнінің алдындағы күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін берілген акциялар ұстаушыларының тізілімінен нотариалды куәландырылған көшірмесін;

тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күнге дейін үш ай өткеннен кейін берілген салық төлеушіде Қазақстан Республикасы бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы белгіленген нысандағы анықтаманы;

қосымша құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық компанияларда бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес банк пен банк филиалының алдында анықтама беру күнінің алдында үш айдан астамға созылатын әлеуетті өнім беруші міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасын (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осындай банктердің әрқайсысынан осындай анықтамаларды) қамтиды. Анықтама тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір ай өткеннен кейін берілуге тиіс. Егер анықтамада банктің бірінші басшысының қолы болмаса, онда анықтама осындай анықтамаларға осы тұлғаның қол қою құқығы берілгенін көздейтін құжаттың көшірмесімен бірге берілуге тиіс;

егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда , онда осы әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес екендігі және салықтық есепте тұрмайтындығы туралы Қазақстан Республикасының салық органы анықтамаларының нотариалды куәландырылған к ө ш і р м е с і ұ с ы н ы л а д ы ;

егер тендер стратегиялық тауарды сатып алуға жарияланған жағдайда - әлеуетті өнім беруші стратегиялық тауарды өндіруші болып табылатындығын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

3) ілеспе қызметтердің құнын қоса алғанда, жеткізілетін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің соңғы бағасын құрайтын әлеуетті өнім берушінің барлық шығынын қамтуға тиіс осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген әлеуетті өнім беруші ұсынатын бағаны;

4) сәйкестігін растау саласындағы құжаттардың және сатып алу үшін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қолайлылығы мен тендерлік құжаттамаға сәйкестігін растайтын басқа құжаттардың көшірмелерін;

5) техникалық сертификаттарды;

6) ұсынылып отырған ілеспе қызметтерді;

7) тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжаттың т ү п н ұ с қ а с ы н қ а м т и д ы .

Ескерту. 34-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.07.2013 № 738 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2013 N 1363 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

35. Тендерге қатысуға ниет білдірген дара кәсіпкер немесе жеке тұлға болып

табылатын әлеуетті өнім беруші ұсынатын тендерлік өтінім:

1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес тендерге қатысу өтінімін және жеке куәлігінің немесе паспортының немесе жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыруға қабылданғаны туралы ішкі істер органдары берген анықтаманың көшірмесін;

2) әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды:

сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіруге, өндеуге, жеткізуге және өткізуге әлеуетті өнім берушінің құқығын растайтын лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, басқа құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық компанияларда бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес банк пен банк филиалының алдында анықтама беру күнінің алдында үш айдан астамға созылатын әлеуетті өнім беруші міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасын (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осындай банктердің әрқайсысынан осындай анықтамаларды) қамтиды. Анықтама тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кейін берілуге тиіс. Егер анықтамада банктің бірінші басшысының қолы болмаса, онда анықтама осындай анықтамаларға осы тұлғаның қол қою құқығы берілгенін көздейтін құжаттың көшірмесімен бірге берілуге тиіс;

тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күнге дейін үш ай өткеннен кейін берілген салық төлеушіде Қазақстан Республикасы бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы тиісті салық органы белгілеген нысандағы анықтаманы;

егер тендер стратегиялық тауарды сатып алуға жарияланған жағдайда - әлеуетті өнім беруші стратегиялық тауарды өндіруші болып табылатындығын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған және жеткізілетін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің түпкілікті бағасын құрайтын әлеуетті өнім берушінің барлық нақты шығындарын қамтитын әлеуетті

өнім беруші ұсынатын бағаны;

4) сәйкестігін растау саласындағы құжаттардың және сатып алу үшін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қолайлылығы мен тендерлік құжаттамаға сәйкестігін растайтын басқа құжаттардың көшірмелерін;

5) техникалық сертификаттарды;

6) ұсынылып отырған ілеспе қызметтерді;

7) тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжаттың түпнұсқасын қамтиды.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

36. Әлеуетті өнім беруші өзінің тендерлік өтінімін тендерлік өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін, сонымен бірге өзінің тендерлік өтінімін кепілді қамтамасыз етілуін қайтарып алу құқығын жоғалтпастан өзгерте немесе қайтара алады.

Әлеуетті өнім беруші қайтарып алу туралы хабарламаны жазбаша нысанда, бірақ тендерлік өтінімдер ұсынудың соңғы мерзімінен кешіктірмей жіберуге тиіс.

Тендерлік өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

37. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімді тігілген, беттері нөмірленген түрде ұсынады және соңғы беті өнім берушінің мөрімен және қолымен расталады.

Тендерлік өтінімнің түпнұсқасы және барлық көшірмелері басылған немесе өшірілмейтін сиямен жазылған оған әлеуетті өнім беруші қол қойған түрде ұсынылады.

Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі (тігілген, беттері нөмірленген, соңғы беті заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің қолымен және мөрімен расталған) және банк кепілдігінің түпнұсқасы тендерлік өтінімге жеке беріледі. Бұл ретте, егер техникалық ерекшелік және (немесе) банктік кепілдік тендерлік өтініммен бірге тігілсе, онда ол осы тендерлік өтінімнен бас тартуға негіз болып табылмайды. Мұндай жағдайда банктік кепілдіктің түпнұсқасы әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

38. Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада көрсетілген тендерлік өтінім көшірмелерінің қажетті санын "Түпнұсқа" және "Көшірме" деп жазып ұсынады. Олар арасында айырмашылық болған жағдайда басымдық түпнұсқада болады.

Тендерлік өтінімде әлеуеттік өнім берушіге грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, жолдар арасына ешбір енгізулерге, өшірулерге және немесе қосымша жазуларға жол берілмейді.

39. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір

көшірмесін, оларды "Түпнұсқа" және "Көшірме" деп белгілей отырып, әртүрлі конверттерге салып мөрлейді. Осы конверттерде әлеуетті өнім берушінің атауы мен мекенжайы көрсетілуге тиіс. Бұдан кейін сыртқы конвертке салынып м ө р л е н е д і .

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) тендерлік құжаттамада көрсетілген мекенжай бойынша тапсырыс берушіге ж о л д а н а д ы ;

2) « _____ сатып алу жөніндегі тендер _____ (тендердің атауы) және _____

(тендерлік құжаттамада көрсетілген конверттерді ашу күні және уақыты) дейін ашылмасын» деген сөздерді қамтиды.

Осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген тендерлік өтінімді өзгертуді әлеуетті өнім беруші дайындайды және тендерлік өтінімнің өзі сияқты мөрленеді және ұсынылады.

Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету

40. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімді ұсынған кезде сонымен бір мезгілде оның тендерлік өтінімінде ұсынылған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер құнының бір пайыз мөлшерінде кепілді қамтамасыз етуді тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, тәсілмен және шарттармен е н г і з е д і .

41. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай бір түрде ұсынылады:

- 1) банкте орналастырылатын ақша кепілі;
- 2) банк кепілі.

Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімді ақша кепілі түрінде қамтамасыз етуді тапсырыс берушінің тиісті шотына енгізеді.

42. Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді қолдану мерзімі осы тендерлік өтінімді қолдану мерзімінен кем болмауға тиіс.

43. Тапсырыс беруші тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

- 1) тендерлік өтінімді қолдану мерзімі аяқталу;
- 2) сатып алу шарты күшіне ену;
- 3) тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін тендерлік өтінімді қ а й т а р ы п а л у ;

4) тендерлік өтінімді тендерлік құжаттама талаптарына жауап бермейді деп қ а б ы л д а м а у ;

5) тендер жеңімпазын айқындамастан сатып алу рәсімін тоқтату жағдайлары туындаған сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

44. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету, егер әлеуетті өнім беруші:
1) тендерлік өтінімді берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін тендерлік өтінімді қайтарып алған немесе өзгерткен;
2) егер ол тендер жеңімпазы деп белгіленсе, сатып алу шартын жасамаған жағдайларда тендерлік өтінімді және оның қамтамасыз етілуін ұсынған әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

45. Шағын кәсіпкерлік субъектілері және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіретін ұйымдар болып табылатын әлеуетті өнім берушілер олардың тендерлік өтінімдерінде ұсынылған сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің құнының бір пайыз мөлшерінде тендерлік өтінімнің кепілді қамтамасыз етуін тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, тәсілмен және шарттармен енгізеді.

46. Әлеуетті өнім берушілер, егер:
1) шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылса және тұтастай тендер бойынша олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлемі құндық көрінісінде айлық есептік көрсеткіштің алты мың есе мөлшерінен аспаса;
2) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндіретін ұйымдар болып табылса, тендер бойынша олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлемі құндық көрінісінде айлық есептік көрсеткіштің он сегіз мың есе мөлшерінен аспаса;
3) тендердің бірінші кезеңінде екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып қатысса, тендерлік өтінімнің қамтамасыз етуін енгізбейді.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу

47. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді тендерлік құжаттамада көрсетілген мерзімде және орында тендерлік комиссия ашады. Әлеуетті өнім берушілер не олардың өкілдері тендерлік өтінімдерді ашу кезінде қатысуға және бейне- мен дыбыс техника құралдарын пайдалана алады.

48. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде тендерлік комиссия қатысушы тұлғаларға тендерге қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің атауы мен мекенжайын, олар ұсынған бағаларды, жеткізу шарты мен төлемін, тендерлік өтінімдерді қайтарып алу мен өзгерту, егер олар құжаттамалық көрсетілсе, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттардың болуы мен болмауы туралы ақпаратты хабарлайды және осы ақпаратты тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына тіркейді. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі

ашу рәсімі кезінде қатысқан әлеуетті өнім берушілерге алған күні мен уақытын көрсете отырып, қолдарын қойғызып беріледі, жоқ болғандарға - олардан тиісті сұраным алған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ж о л д а н а д ы .

Конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверттерді ашу хаттамасына отырысқа қатысқан барлық конкурстық комиссияның мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды және әр параққа қол қояды.

Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру

49. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде:

- 1) тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушілерден олардың тендерлік өтінімдеріне байланысты түсініктемелер сұратады;
- 2) тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап бермейтін тендерлік өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін сұрауларға, ұсыныстар мен рұқсаттарға жол б е р і л м е й д і .

50. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімді, егер:

- 1) әлеуетті өтінім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;
- 2) әлеуетті өнім беруші өтінімнің қамтамасыз етуін тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттармен енгізбесе;
- 3) осы тендерлік өтінім тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап бермесе;
- 4) тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімдерінің бағалары осы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан артық болса қабылдамайды.

51. Тендерлік комиссия бас тартқан тендерлік өтінім тендерлік өтінімдерді бағалау мен салыстыруға қабылданбайды.

52. Тендерлік комиссия, егер:

- 1) осы Қағидалардың 50-тармағында көзделген негіздердің кез келгені бойынша әлеуетті өтінім берушілердің тендерлік өтінімдерінен бас тартқаннан кейін екеуден кем тендерлік өтінім қалған;
- 2) тендерге қатысуға бірде-бір өтінім түспеген;
- 3) тендерге қатысуға бір ғана әлеуетті өтінім беруші өтінім берген жағдайда тендер немесе лот бойынша сатып алу өтпеді деп таниды. Мұндай жағдайда тендерлік өтінім салынған конверт әлеуетті өнім берушіге ашылмастан қ а й т а р ы л а д ы .

53. Егер тендер жалпы немесе қандай да бір лот бойынша өткізілмеген деп танылса, онда тапсырыс беруші:

- 1) тендерлік құжаттаманың мазмұнын өзгертеді және қайта тендер өткізеді;

2) осы Қағидалардың 85-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда бір көзден сатып алуды өткізеді.

Осы тармақта көрсетілген іс-қимылдар тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен ресімделеді.

Қайта ашық тендер өткізу қажет болған жағдайда тапсырыс беруші тендерлік өтінім қабылдау аяқталғанға дейін күнтізбелік он күн мерзімнен кешіктірмей баспасөз басылымында хабарлама жариялайды.

54. Тендерлік комиссия бас тартпаған тендерлік өтінімдерді тендерлік комиссия бағалайды және салыстырады және жеңіп алған тендерлік өтінімді ең төменгі бағаның негізінде және мынадай өлшемдерді ескере отырып айқындайды :

1) пайдалану, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу шығыстары;
2) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу мерзімі;
3) материалдық ресурстардың функционалдық, техникалық және сапалық с и п а т т а м а с ы ;

4) т ө л е м ш а р т ы ;

5) тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге арналған кепілді шарттар;
6) отандық тауар өндіруші - әлеуетті өнім берушілерді қолдау;
7) әлеуетті өнім берушінің біліктілік деректері.

55. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімнің жеңімпазын анықтаған кезде, отандық тауар өндірушілер болып табылатын әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімінің бағасын 20 пайызға шартты түрде төмендетеді.

Отандық тауар өндірушілер - Қазақстан Республикасының резиденттері б о л ы п т а б ы л а т ы н ж әне :

кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында толығымен өндірілген т а у а р л а р д ы ;

кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жеткілікті өңдеу өлшемдеріне сәйкес Қазақстан Республикасында жеткілікті өңделген тауарларды өндіретін (бұдан әрі - отандық тауар өндірушілер) жеке және (немесе) заңды тұлғалар.

56. Тендерлік комиссия тендердің қорытындысын тендерлік өтінімдер салынған конверттер ашылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күннен а с п а й т ы н м е р з і м д е шығарады.

57. Тапсырыс беруші тендердің қорытындыларын шығарған күнінен бастап қатысқан барлық әлеуетті өнім берушілерді тендер өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланған мерзімді баспасөз басылымында тендердің атауын көрсете отырып, тендер нәтижелерін, ал тендер өткен жағдайда жеңімпазды, тендер жеңімпазы ұсынған тауардың, жұмыстар мен қызметтердің атауы мен

бірлік бағасын көрсете отырып, жеті жұмыс күні ішінде жариялау жолымен хабардар етеді.

Тендердің қорытындысы туралы хаттама

58. Тендер арқылы сатып алуды жүзеге асырған кезде тендерлік комиссия тендердің қорытындылары туралы онда мынадай ақпарат қамтылатын хаттаманы ресімдеуге міндетті:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің атауы мен қысқаша сипаттамасы;

2) тендерлік өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің мекенжайлары мен атаулары;

3) тендерлік өтінімдер ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік деректері;

4) әр тендерлік өтінімнің бағасы мен басқа да негізгі шарттары;

5) тендерлік өтінімдердің салыстыруын және бағасын жазу;

6) тендерлік өтінімді қабылдамаған жағдайда - оларды қабылдамау негіздері;

7) әр лот бойынша тендер жеңімпазының атауы мен мекенжайы және жеңімпаз анықталатын шарттар;

8) егер тендер нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса – тендерлік комиссияның осындай шешім қабылдауға негіздері;

9) тендерлік құжаттаманы түсіндіру туралы сұрауларды, оларға жауаптарды қорытып жазу, сондай-ақ тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтыруларды жазу;

10) сатып алу туралы шартқа қол қойылуға тиіс (бірақ тендер жеңімпазы хабарды алған кезден бастап он жұмыс күнінен аспайтын) мерзім;

11) техникалық сарапшыларды тарту туралы ақпарат;

12) егер конкурс өткен жағдайда, онда Тізбеде көзделген осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін Тапсырыс берушінің бөлген сомасы.

59. Тендерге қатысушының талабы бойынша оған тендер нәтижелері мен жеңімпазын таңдау себептері туралы жазбаша толық ақпарат ұсынылады.

60. Әлеуетті өнім беруші уәкілетті органға тапсырыс берушінің, тендерлік комиссияның, тендерлік комиссия хатшысының (хатшылығының) және техникалық сарапшылардың заңсыз іс-әрекеттеріне шағымдана алады.

Сатып алу процесіне байланысты шектеулер

61. Тапсырыс берушінің екі және одан көп аффилиирленген тұлғасы көрсетілген Тапсырыс беруші өткізетін тендерге (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.

62. Тапсырыс берушінің қызметкері, егер ол әлеуетті өнім берушінің

лауазымды немесе сенімді тұлғасының жақын туысқаны (ата-анасы, жұбайы, зайыбы, бауырлары, апа-сіңлілері, балалары) не өзгеше түрде тендер нәтижесіне жеке мүдделі болса, сатып алу рәсімдеріне байланысты міндеттерді орындай а л м а й д ы .

63. Әлеуетті өнім берушінің және оның аффилиирленген тұлғасының бір тендерге (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.

Сатып алу шарты

64. Тапсырыс беруші тендерлік өтінімді жеңімпаз деп тану туралы жазбаша хабарламаны тапсырыс беруші қол қойған шартпен бірге әлеуетті өнім берушіге тендер қорытындысын шығарған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

Сатып алу шарты оған тараптардың уәкілетті органдары қол қойған кезден б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

65. Тендердің жеңімпазы оның өтінімі жеңімпаз деп танылғаны туралы хабарламаны және сатып алу шартының жобасын алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде шартқа қол қояды немесе орын алған келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тартқаны туралы тапсырыс берушіні жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

66. Егер әлеуетті өнім беруші тендер жеңімпазы деп танылса және Қағидалардың 65-тармағында белгіленген мерзімде сатып алу шартына қол қоймаса, онда тапсырыс беруші Қағидалардың 54-тармағында белгіленген өлшемдерге сәйкес ұсынысы жеңімпаздың ұсынысынан кейін тапсырыс беруші үшін барынша басым болып табылатын, ол тендер қорытындылары туралы хаттамамен расталатын тендердің басқа қатысушысымен сатып алу шартын ж а с а с а д ы .

67. Сатып алу шарттары, тендерлік құжаттама, сатып алу хаттамалары, әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері және өткізілген сатып алу жөніндегі өзге материалдар тапсырыс берушіде кемінде бес жыл сақталады.

68. Тапсырыс беруші өткізілген сатып алу нәтижелері бойынша жасалған шарттарды тіркеудің бірыңғай журналын жүргізеді.

69. Сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған сатып алу туралы шартқа өнім беруші таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін қандай бір өзгерістерді және (немесе) жаңа талаптарды (бағаны төмендетуден басқа) енгізуге жол берілмейді.

Сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған сатып алу туралы шартқа бағаны төмендету бөлігінде өнім берушіні таңдау үшін негіз болған сапа, көлем және басқа да талаптар өзгермеген жағдайда өзгерістер енгізуге жол б е р і л е д і .

Тапсырыс беруші шарт бағасын төмендету мақсатында тендердің жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шартқа қол қойғанға дейін келіссөздер жүргізе алады. Бұл ретте әлеуетті өнім беруші мұндай төмендетуге келіспеуі мүмкін, бірақ бұл тапсырыс берушіге тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу бойынша тендердің жеңімпазы болып табылған әлеуетті өнім берушімен жасалған шартқа қол қоюдан бас тартуға қ ұ қ ы қ б е р м е й д і .

Егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалу процесінде сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге ұқсастардың бағалары төмендеу жағына өзгерсе, онда тапсырыс беруші мен өнім берушінің өзара келісімі бойынша осы тармақтың ережелерін ескере отырып, сатып алу туралы шартқа тиісті өзгерістер енгізілуі мүмкін.

70. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұза отырып өткізілген тендер жеңімпазымен табиғи монополия субъектісі шарт жасасқанға дейін оның нәтижесінің күшін жояды және табиғи монополия субъектісін қайта тендер өткізуге міндеттейді.

71. Сатып алу шартына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормалары қолданылады.

4. Сатып алу тәсілдері және оны ұйымдастыру

Ашық тендер

72. Әлеуетті өнім берушілер ашық тендер өткізілетіні туралы хабарландыруды тендерлік өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын баспасөз басылымында жариялаумен хабардар е т і л е д і .

Шағын не орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын табиғи монополия субъектісі тендер өткізілетіні туралы хабарламаны тиісті облыс аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымында, ал ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын табиғи монополия субъектісі аптасына кемінде үш рет шығарылатын және Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз б а с ы л ы м ы н д а ж а р и я л а й д ы .

Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі мен тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу процесінің басталу арасындағы уақыт ұзақтығы екі сағаттан аспауға тиіс.

Жабық тендер

73. Жабық тендер, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кеден одағының шеңберінде Бірыңғай экономикалық кеңістік аумағындағы тапсырыс берушіге алдын ала белгілі бесеуден аспайтын әлеуетті өнім берушілерде бар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде жүргізіледі.

74. Жабық тендер өткізілетіні туралы хабарлама қолдарында сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бар барлық әлеуетті өнім берушілерге осы тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын жіберілуге тиіс.

Хабар жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімін тапсырыс берушінің б а с ш ы с ы б е к і т е д і .

75. Сатып алу жабық тендер тәсілімен жүзеге асырылған кезде, егер осы кіші бөлімде өзгеше көзделмесе, осы Қағидалардың 3-бөлімінде көзделген нормалар қолданылады.

Екі кезенді рәсімдер қолданылатын тендер

76. Екі кезенді рәсімдер қолданылатын тендер:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің егжей-тегжейлі ерекшеліктерін тұжырымдау, сондай-ақ олардың техникалық сипаттамалары мен сапалық көрсеткіштерін анықтау күрделі болған;

2) ғылыми зерттеулер, сынақтар, іздестірулер немесе әзірлемелер қажет болған жағдайларда қолданылады.

77. Екі кезенді рәсімді пайдаланылатын тендер мынадай кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) әлеуетті өнім берушілерден тендерлік құжаттаманың негізінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің техникалық, сапалық және өзге де сипаттамаларына, оларды жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) шарттық талаптарына қатысты ұсыныстар сұрату;

әлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттамаға сәйкес ұсынған бағалары көрсетілмеген алғашқы тендерлік өтінімдерді қарау;

әлеуетті өнім берушілердің біліктілік деректерін қарау; біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілермен тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің техникалық, сапалық және өзге де сипаттамаларына, шарттық талаптарына, оларды жеткізуге (орындауға, көрсетуге) қатысты мәселелерді талқылау;

2) тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің техникалық, сапалық және өзге де сипаттамалардың негізінде тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізуі; тендердің бірінші кезеңінен

өткен әлеуетті өнім берушілердің түпкілікті тендерлік өтінімдерді ұсынуы; баға ұсыныстары мен бағалау өлшемдерін ескере отырып, оларды бағалау және салыстыру; тендер қорытындысын шығару.

78. Тендерлік комиссия екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендердің қорытындысын соңғы тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күнінен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде шығарады.

Баға ұсыныстарын сұрату

79. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау әлеуетті өнім берушілердің қолдарындағы тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге өткізіледі, олардың егжей-тегжейлі ерекшелігі тапсырыс беруші үшін елеулі мән болып табылмайды, бұл ретте шешуші шарт баға болады.

80. Баға ұсыныстарын сұрату, егер тауарларды, (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алудың жылдық көлемі: табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілері үшін - төрт мың айлық есептік көрсеткіштен; табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілері үшін - екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда ғана пайдаланылады.

81. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау тәсілін қолдану мақсатында жыл бойы сатып алынатын біртекті тауарлар түрлерінің жылдық көлемін қаржы жыл ішінде бөлшектеуге жол берілмейді.

82. Тапсырыс беруші сатып алынатын материалдық ресурстарға жазбаша баға ұсыныстарын тапсырыс берушімен және (немесе) өзара аффилиирленбеген кемінде екі әлеуетті өнім берушіден сұратады және түскен барлық баға ұсыныстарын белгіленген мерзімде қарайды. Тапсырыс беруші сатып алу шартын ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушімен жасасады.

83. Әрбір әлеуетті өнім беруші бір ғана баға ұсынысын ұсынады, ол жазбаша түрде р е с і м д е л у г е т и і с .

Егер сатып алынатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуға және жеткізуге арналған қызмет міндетті түрде лицензиялауға жататын жағдайда, тапсырыс беруші осындай лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесін с ұ р а т а д ы .

84. Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілерден баға ұсыныстарын сұратуды тіркеу журналын және әлеуетті өнім берушілерден түскен баға ұсыныстарын тіркеу журналын жүргізуге міндетті, соңғысында сатып алу тәсілі, әлеуетті өнім берушінің атауы мен пошта мекенжайы, оның жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі, баға ұсынысын тіркеу күні мен уақыты

к ө р с е т і л е д і .

Көрсетілген журналдар тігілуге, нөмірленуге, соңғы парағы бірінші басшының, не оны алмастыратын тұлғаның қолымен және тапсырыс берушінің м ө р і м е н р а с т а л у ғ а т и і с .

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қорытындылары баға ұсыныстарын ұсыну күні аяқталған күнінен бастап 2 жұмыс күні ішінде бекітіледі.

Ескерту. 84-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.07.2013 № 738 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бір көзден сатып алу және оны қолдану шарттары

85. Бір көзден сатып алу - бұл тендер қолданылмайтын сатып алу тәсілі және м ы н а д а й :

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер табиғи монополия субъектісі болып табылатын әлеуетті өнім берушіде ғана болатын, немесе нарықтың қандай да бір субъектісі тауардың, жұмыстар мен қызметтердің тиісті түрінің бір ғана әлеуетті өнім берушісі болып табылатын, немесе сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер белгілі бір тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінде ғана болатын, немесе қандай да бір нақты әлеуетті өнім беруші осы тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге е р е к ш е қ ұ қ ы қ қ а и е б о л а т ы н ;

2) дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызған, сондай-ақ өнеркәсіп, көлік және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттарды тарататын (тарату қауіпі бар) авария, ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр энергетикалық және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авариялық жағдай туғызған төтенше жағдайлар болу салдарынан, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге шұғыл қажеттілік туындайды, бұл тендер өткізу мүмкіндігін болдырмайтын;

3) қандай да бір өнім берушіден тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алған тапсырыс берушіде осы тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге бір ізге салу, стандарттау немесе сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сол бір өнім берушіден сатып алу қажеттігі т у ы н д а й т ы н ;

4) тендер екі рет өткізілмеді деп танылған және тапсырыс берушінің осы Қағидалардың 53-тармағының 1) тармақшасында көзделген шараларды қабылдауы сатып алу шартын жасасуға әкелмеген;

5) тендер әлеуетті өнім берушілерден өтінімдер болмауына байланысты өтпеді деп танылған жағдайларда ғана өткізіледі.

86. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алудың негіздері мынадай құжаттармен расталады:

1) әлеуетті өнім беруші тиісті біртекті тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалғыз әлеуетті өнім берушісі болып табылатынына байланысты сатып алу қажеттілігін растау үшін - тиісті құзыретті органның осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді тапсырыс берушінің сатып алу қажеттілігі туралы сатып алу күніне бір жылдан кешіктірмей берген қорытындысы, осы өнім беруші тиісті тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалғыз әлеуетті өнім берушісі болып табылатынын растайтын құжаттар;

2) қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен сәйкестендіру, стандарттау немесе үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында сатып алудың қажеттілігін растау үшін – оған сәйкес әлеуетті өнім берушіден бастапқыда тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер сатып алынған шарт, құзыретті органның сатып алынатын тауардың, жұмыстар мен қызметтердің сандық және құндық көріністе көлемі, сондай-ақ қолдағы бар тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен стандарттау, сәйкестендіру және үйлесімділігін қамтамасыз ету қажеттілігін растайтын техникалық ерекшелік және (немесе) өзге де құжаттама көрсетілген сәйкестендіру, стандарттау немесе үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында осы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді тапсырыс берушінің сатып алу қажеттілігі туралы қорытындысы;

3) екі ашық тендердің өткізілмегенін растауға байланысты сатып алу қажеттілігін растау үшін - осы тендерлер бойынша құжаттар: тендерлік комиссияларды құру туралы бұйрықтар; тендерлік құжаттамалар; тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамалары; тендерлердің қорытындылары туралы хаттамалар; әлеуетті өнім берушілердің қосымшаларымен бірге тендерлік өтінімдері;

4) ашық тендер өткізген кезде әлеуетті өнім берушілерден тендерлік өтінімдер болмауына байланысты сатып алудың қажеттігін растау үшін – осы тендер бойынша құжаттар: тендерлік комиссия құру туралы бұйрық, тендерлік құжаттама, тендердің қорытындылары туралы хаттама, мерзімді баспасөз басылымында тендерді өткізу туралы хабарландыру.

87. Осы Қағидалардың 85-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бір көзден сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

88. Бір көзден сатып алуды өткізген кезде тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіден осы әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бағасының барлық қажетті негіздемелерін сұратады.

89. Тапсырыс беруші бір көзден сатып алуды жүзеге асырған кезде хаттама жасауы тиіс, онда мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

1) бір көзден сатып алу тәсілін қолдану негіздемесі;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қысқаша с и п а т т а м а с ы ;

3) сатып алу шарты жасалатын әлеуетті өнім берушінің атауы мен мекенжайы және осындай шарттың бағасы.

Реттеліп	көрсетілетін	қызметтерге	
тарифтерді	(бағаларды,	алымдар	
ставкаларын)	немесе	олардың	шекті
деңгейлерін	және	тарифтік	сметаларды
бекіту	кезінде	шығындары	ескерілетін
тауарларды,	жұмыстар	мен	қызметтерді
табиғи	монополиялар		субъектілерінің
с а т ы п	а л у	қ а ғ и д а л а р ы н а	

1-қосымша

Алдағы болатын тендер туралы хабарландыру нысаны

(тапсырыс берушінің толық атауы)

мынадай тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді: (тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және олардың санын (көлемін) құнын көрсетпей-ақ қысқаша сипаттау); (бір тендерде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бес және одан көп атауларын сатып алған жағдайда, тендерді өткізу туралы хабарландыру сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесі тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасында көрсетілген сілтемені қамтуға тиіс. Тапсырыс берушінің интернет-ресурсы болған кезде, соңғысы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесін интернет-ресурста көрсетеді) сатып алу жөнінде ашық (қайталама) тендер өткізу т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізілуге (орындалуға/көрсетілуге) тиіс:

(тауарлар жеткізілетін, жұмыстар орындалатын немесе қызметтер

көрсетілетін орын көрсетілсін)

Жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) талап етілген мерзімі _____

Тендерге қатысуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ жылғы _____
№ _____ қаулысымен бекітілген Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидаларының 7-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық әлеуетті өнім берушілер жіберіледі.

Тендерлік құжаттама пакетін _____ жылғы «___» _____ сағат _____ минутқа дейінгі мерзімді қоса алғанда (тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқанға дейін 24 сағат бұрын уақыты мен күні көрсетілсін) _____, мына мекенжай бойынша № _____ бөлмеде сағат _____-дан _____-ге дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттама пакетінің құны _____ теңгені құрайды және _____ шотына (тапсырыс берушінің тиісті шоты көрсетілсін) не бухгалтерияға енгізіледі. Шағын кәсіпкерлік субъектілері және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіретін ұйымдарға тендерлік құжаттама тегін беріледі (егер тендерлік құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмеген жағдайда, хабарландыруда тендерлік құжаттаманың тегін берілетіндігін көрсеткен жөн).

Конвертке салынып мөрленген тендерге қатысуға тендерлік өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер _____

(тапсырыс берушінің толық атауы)

мына мекенжай бойынша _____ № _____ бөлмеде береді.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі _____ жылғы «___» _____ сағат _____ минутқа _____ дейін.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді тендерлік комиссия мына мекенжай бойынша: _____ № бөлме _____ жылғы «___» _____ сағат _____ минутта ашады.

Әлеуетті өнім берушілер және олардың өкілдері (бірінші басшының қолымен және мөрмен расталған сенімхатты ұсынып) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатыса алады.

Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушылар тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу бойынша _____ өткізетін тендерге байқаушы ретінде

(тапсырыс берушінің атауы)

қ а т ы с у ғ а

қ ұ қ ы л ы .

Қосымша ақпаратты және анықтаманы (телефон нөмірі көрсетілсін) телефон арқылы алуға болады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге
тарифтерді (бағаларды, алымдар
ставкаларын) немесе олардың шекті
деңгейлерін және тарифтік сметаларды
бекіту кезінде шығындары ескерілетін
тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді
табиғи монополиялар субъектілерінің
с а т ы п а л у қ а ғ и д а л а р ы н а
2-қосымша

Жабық тендер өткізу туралы хабарлама нысаны

Кімге _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

(тапсырыс берушінің атауы)

мынадай қызметтерді (тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қысқаша сипаттау және олардың саны (көлемі); (тапсырыс беруші тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесі, олардың саны мен егжей-тегжейлі ерекшелігі тендерлік құжаттамада көрсетілген деп сілтеме жасауға құқылы) сатып алу бойынша жабық тендерді өткізу туралы Сізді хабарландырады және Сізді оған қ а т ы с у ғ а ш а қ ы р а д ы .

Материалдық, қаржылық ресурстар жеткізілуі (жұмыстар немесе қызметтер орындалуы/көрсетілуі) тиіс: (тауарларды, жұмыстар немесе қызметтердің орындалған/көрсетілген жеткізілетін орны көрсетілсін).

Жеткізудің (орындалудың/көрсетілудің) талап етілген мерзімі _____

Тендерге Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына сай болатын барлық өнім берушілер жіберіледі.

Тендерлік құжаттама пакетін _____ ж. «__» _____ (тендерлік өтінімдер салынған конвертті ашқанға дейін 24 сағат бұрын күні мен уақыты көрсетілсін) қоса алғанда, дейінгі мерзімде мына мекенжай бойынша _____ № _____ бөлме сағат ____-ден ____-ге дейін немесе мекенжайы _____ электрондық пошта арқылы әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттаманың төлемі туралы құжатын ұсынғаннан кейін алуға болады.

Тендерлік құжаттама пакетінің құны _____ теңгені құрайды (егер ақы төлеу көзделмесе, осы абзац алып тасталсын).

Әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға арналған конверттерге салынып мөрленген тендерлік өтінімдерін (тапсырыс берушінің атауы көрсетілсін) мекенжай бойынша (толық мекенжай, бөлменің № көрсетілсін) ұсынады (ж о л д а й д ы) .

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі _____ дейін (уақыты және күні көрсетілсін) .

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер мынадай мекенжай бойынша (толық мекенжайды, бөлменің № көрсетілсін) ашылады (уақыты және күні көрсетілсін). Әлеуетті өнім берушілер және олардың өкілдері (бірінші басшының қолымен және мөрмен расталған сенімхатты ұсынып) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатыса алады.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы (телефон нөмірі көрсетілсін) телефон арқылы алуға болады.

Реттеліп	көрсетілетін	қызметтерге	
тарифтерді	(бағаларды,	алымдар	
ставкаларын)	немесе	олардың	шекті
деңгейлерін	және	тарифтік	сметаларды
бекіту	кезінде	шығындары	ескерілетін
тауарларды,	жұмыстар	мен	қызметтерді
табиғи	монополиялар		субъектілерінің
сатып алу	қағидаларына		

3-қосымша

Тендерге қатысуға арналған өтінім (заңды тұлғалар үшін)

(Кімге) _____

(тапсырыс берушінің атауы)

(Кімнен) _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

_____ (тендердің атауы)

тендерді өткізу жөніндегі тендерлік құжаттамаларды қарап, алынуы осымен куәландырылатын, тендерлік құжаттамаға сәйкес

жалпы

(цифрмен және жазбаша)

сомаға тауарлардың (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) мынадай лоттар

б о й ы н ш а :

(лоттар бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жан-жақты с и п а т т а у)

_____ жеткізілуін жүзеге асыруды ұсынады.
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

Осы тендерлік өтінім мыналардан тұрады:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____

10. _____

Біздің тендерлік өтінім ұтып шықты деп танылған жағдайда, _____
(ж а з б а ш а)

күн ішінде материалдық, қаржылық ресурстарды (жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді) бастауға және осы тендерлік өтінімде көрсетілген барлық материалдық, қаржылық ресурстарды (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) біздің конкурстық өтінімді ұтып шықты деп тану туралы Сізден хабарлама алған сәттен бастап _____ күн ішінде аяқтауға міндеттенеміз. (жазбаша)

Біз тендерлік құжаттамада айтылған Сіздің төлем шартыңызбен келісеміз. Төлемнің мынадай балама шарттарын _____
(төлем шарттарының баламалары,

_____ егер мұндай бар болса, санамаланады)
немесе басқа шарттарды ұсынамыз, (санамалау: _____

бұл ретте _____ мөлшерінде баға шегерімін ұсынамыз.
(ақшалай мәнде жазбаша көрсетіледі)

Осы тендерлік өтінім тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күнінен бастап _____ күн ішінде қолданыста болады.
(жазбаша)

Сатып алу туралы шартты жасасқан сәтке дейін осы тендерлік өтінім оны ұтып шықты деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқаратын болады.

(Қолы, күні)

(Лауазымы, Т.А.Ә.)

М.О.

атынан немесе тапсырмасы бойынша барлық
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

уәкілеттілігі бар тендерлік өтінімге қол қоюшы _____

Реттеліп кәрсетілетін қызметтерге
тарифтерді (бағаларды, алымдар
ставкаларын) немесе олардың шекті
деңгейлерін және тарифтік сметаларды
бекіту кезінде шығындары ескерілетін
тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді
табиғи монополиялар субъектілерінің
с а т ы п а л у қ а ғ и д а л а р ы н а
4-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімінің

бағалар кестесі

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

(әрбір лотқа жеке толтырылады)

Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің атауы

1. Қысқаша сипаты
2. Шығарылған елі (жұмыстарды сатып алу кезінде алып тасталсын)
3. Шығарушы зауыт (жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде алып т а с т а л с ы н)
4. Өлшем бірлігі
5. Баға _____ бірлікке _____ ИНКОТЕРМС 2010 шарттары бойынша _____ (белгіленген пунктi)
6. Саны (көлемі)
7. Барлық бағасы = 5 жол x 6 жол _____
8. Жалпы бағасы, _____ ИНКОТЕРМС 2010 шарттары бойынша _____
_____ белгіленген пунктi, әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға арналған, кеден бажын, ҚҚС және басқа төлемдер мен алымдарды, жинақтаушы бөлшектер мен

міндетті қосалқы бөлшектер бағасын, бір өлшем бірлігіне пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде қызмет көрсетуге арналған барлық шығыстарды қоса алғанда, басқа да шығыстар

Әлеуетті өнім беруші басқа да шығыстарды көрсетуге құқылы, оның ішінде:

8 . 1 .

8 . 2 .

9. Оны ұсыну кезіндегі жеңілдік мөлшері

9 . 1 .

9.2.

Ескертпе: Әлеуетті өнім беруші 8-жолда көрсетілген жалпы бағаның құрамдастырын көрсетпеуі мүмкін, өйткені осы жолда көрсетілген бағаны тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушінің барлық шығыстарын ескере отырып, айқындалған ретінде қарайды және қайта қарауға жатпайды.

(қолы)

(Лауазымы, Т.А.Ә.)

М.О.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге
тарифтерді (бағаларды, алымдар
ставкаларын) немесе олардың шекті
деңгейлерін және тарифтік сметаларды
бекіту кезінде шығындары ескерілетін
тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді
табиғи монополиялар субъектілерінің
сатып алу қағидаларына
5-қосымша

Тендерге қатысуға арналған өтінім (дара кәсіпкерлер және жеке тұлғалар үшін)

(Кімге)

(Тапсырыс берушінің атауы)

(Кімнен)

(Әлеуетті жеткізіп беруінің аты, әкесінің аты, тегі)

(тендердің атауы)

тендерді өткізу жөніндегі тендерлік құжаттамаларды қарап, алынуы осымен куәландырылатын, тендерлік құжаттамаға сәйкес _____

(цифрмен және жазбаша)

жалпы сомаға материалдық, қаржылық ресурстардың (жұмыстар орындау, қызметтер көрсету) мынадай лоттар бойынша _____
(лоттар бойынша тауарларды, _____)

жұмыстар мен қызметтерді егжей-тегжейлі сипаттау)

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

жеткізілуін жүзеге асыруды ұсынады.

Осы тендерлік өтінім мыналардан тұрады:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____

Мен, менің тендерлік өтінімім ұтып шықты деп танылған жағдайда, _____ күн ішінде материалдық, қаржылық ресурстарды (жұмыстар (ж а з б а ш а)

орындауды, қызметтер көрсетуді) бастауға және осы тендерлік өтінімде көрсетілген барлық материалдық, қаржылық ресурстардың (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) менің тендерлік өтінімім ұтып шықты деп тану туралы Сізден хабарлама алған сәттен бастап _____ күн (ж а з б а ш а)

ішінде аяқтауға міндеттенемін.

Мен тендерлік құжаттамада айтылған Сіздің төлем шартыңызбен келісемін. Төлемнің мынадай балама шарттарын _____
(төлем шарттарының баламалары, егер

мұндай бар болса, санамаланады)

_____ немесе басқа шарттарды ұсынамын,

(ақшалай мәнде жазбаша көрсетіледі)

(санамалау: _____) бұл ретте

мөлшерінде баға шегерімін ұсынамын.

Осы тендерлік өтінім тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан

күнінен бастап _____ күн ішінде қолданыста болады.
(жазбаша)

Сатып алу туралы шартты жасасқан сәтке дейін осы тендерлік өтінімді оны ұтып шықты деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқаратын болады.

(қолы)

(Т.А.Ә.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК